



Примашев Нұрзада Маханбетұлы,
*ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, доцент*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ) МЕН КЕЙБІР САЛАЛЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНДІК КӨПНҰСҚАЛЫЛЫҚ: ҚҰҚЫҚТЫҚ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕ

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын жетілдіру аясында қолданыстағы кодекстердің жаңа редакциясын қабылдау процесі белсенді жүргізіліп жатыр. Төрт кодекс жаңартылып, бүгінгі күннің талаптарына сай етілгендей болды. Келешекте қалған кодекстер бойынша да жұмыстар істелетіні – объективті қажеттілік.

Осындай жаңарту аясында заңнамалық актілерде кезінде жіберілген тілдік қателерді де түзетуге қол жеткізіліп жатыр. Әрине үлкен жұмыс атқарылды, бірақ оларды толық деуге болмайды. Осындай түзету жұмыстары үнемі жүргізіліп отыруы тиіс. Мысалы, қолданыстағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 522-бабының 1-тармағында кезінде екі дөрекі қате жіберілген болаты. Оның біріншісі «мемлекеттік органның меншік нысанына қарамастан, ұйымның¹» деген тіркес болатын. Ал екіншісі – орыс тіліндегі мәтінде көрсетілген «административный арест до пяти суток» деген жаза түрінің жоқтығы болатын. Аталған бапқа ағымдағы жылғы 15 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан

Республикасының Заңымен өзгерістер енгізілді. Бірақ белгісіз себептерден бірінші қате сол күйінде қалып қойды.

Заңнаманы жетілдіруде ғылыми тәсілдердің ішінде құқықтық-лингвистикалық талдаудың алатын орны ерекше. Сондықтан мақала объектісі ретінде қолданыстағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі Ерекше бөлімінің бірқатар баптары, оның ішінде 947-959-баптар да қарастырылды. Аталған нормалардың құқықтық-лингвистикалық мәселелері бірқатар салалық заңнамалық актілер нормаларымен салыстырмалы түрде зерделенді.

Ұлттық заңнамадағы теңтүпнұсқалылық мәселесі бойынша жазылған сериялы мақалаларымда көрсетілгендей бірізділік мәселесі қарастырылған заңнамалық актілерге де тән екен. Мысалы, осы Ерекше бөлімнің 779-бабындағы «дүлей күш» деген ұғымның орыс тіліндегі баламасы – «непреодолимая сила». Ал қолданыстағы заңнамада бұл ұғымның «бой бермейтін күш» (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 182-бабы), «еңсерілмейтін күш» (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 328-бабы, 2010 жылғы 24 маусымдағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан

¹Бір тыныс белгісін дұрыс қоймау кесірінен норма өзгеріп, құқықтық қатеге әкеп соқты. «Мемлекеттік органның меншік нысаны» деген тіркес кез келген заңгерді не тіл маманын ойландыра алатын мәселе сияқты еді. Бірақ оған назар аударғандардың болмағаны өкінішті. Бұл үлкен мәселе сияқты. Сондықтан болар 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енетін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің жаңа редакциясы бойынша 667-бапта бұл тіркес «мемлекеттік органның, ұйымның» деген нұсқада берілген. Бұл нұсқаны да екіжақты түсінуге болады. «Ұйым» сөзі жеке мағынаны білдіреді ме, әлде мемлекетке қатысы бар ма? «Мемлекеттік ұйым» деген ұғым Конституцияда бекітілген. Бұл мәселе орыс тіліндегі мәтіннен туындап отырғаны белгілі. Ал бап атауы мен мәтіндегі өзгерістерді қалай түсіну қажет? Орыс тіліндегі нұсқа ауыспаған, сондықтан 522-баптағы «кедергі жасау» (мәтін бойынша ерекше көрсеткен мен. – Н.П.) мен 667-баптағы «кедергі келтіру» деген ұғымдардың қағидатты айырмашылықтары бар ма?

Республикасының Заңының 61-бабы), «ырық бермес күш» (Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 25 маусымдағы Заңымен ратификацияланған Кеден одағы Кеден кодексінің 235-бабы), «еңсерілмес күш» («Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының міндеттемелерін өтеу ережесін бекіту туралы» Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы № 63 қаулысы, «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша шығыстар нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге үлгілік шарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығы), «жойылмайтын күш» («ТМД қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқытуға және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үйлестіру туралы келісімді бекіту туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қарашадағы № 1134 қаулысы¹) сияқты нұсқалары кездеседі. Бұл – шек емес болар.

Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінде ұлттық заңнамадағы мәселелі тағы бір ұғым кездеседі. Ол – «қызмет көрсетулер» деген ұғым. Орыс тіліндегі «услуги» деген ұғымның бір баламасы. Бұл ұғым Кодекстің 47-тарауы 3-параграфының тақырыбы мен 950-бабында 4 рет қолданылынған. Көрсетілген нұсқаның кемшілігі оның зат есімнен гөрі процеске айналғандығында. Сондықтан оның кемшілігі «қызмет көрсетулердің кемшіліктері», «қызмет көрсетуді орындаушы» және «қызмет көрсетудің нәтижелері» сияқты жасанды тіркестерден көрінеді.

Бұл ұғымның қате-кемшілігі басқа нұсқалармен арақатынасынан да байқалады. Азаматтық кодекс 20 жыл бұрын қабылданды. Ал осы ұғымның қазіргі басымды нұсқасы «көрсетілетін қызметтер» болып саналады, өйткені 2013 жылғы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды².

Бұл ұғымның кемшілігіне де «мемлекеттік қызметтер көрсету саласы», «мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын», «көрсетілетін мемлекеттік қызмет», «көрсетілетін қызметті берушілер» сияқты тіркестерді салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

Ағымдағы жылғы сәуірде ғана күші жойылған, бірақ қызмет көрсету мәселесіне қатысты тілдік маңызы бар «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі көрсететін электрондық мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 242 бұйрығындағы «мемлекеттік қызмет көрсету» деген нұсқа қолданылынған.

Негізінен «мемлекеттік қызметтер» деген нұсқа дұрыс сияқты. Басты мәселе «қызмет» деген сөзге байланысты болғандықтан, осылай қалдыра беру қажет шығар. Сондықтан оны мәнмәтін бойынша «мемлекеттік қызметтен» (государственная служба) онай ажыратып алуға болатын еді.

Аталған ұғымды бірізді аудармау салдарынан «материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функция» сияқты түсініксіз тіркестер кездеседі.

Азаматтық кодекстің 950-бабындағы «тұтынушы» мен заңдағы «көрсетілетін қызметті алушы» деген ұғымдардың да түсінігі бір. Жоғарыда келтірілген бұйрықта жай «алушы»¹ деген нұсқада берілген.

Келтірілген мысалдардың кемшіліктерін 950-баптағы «қызмет көрсетуді орындаушы» деген жасанды тіркеспен де дәлелдеуге болады.

Қарастырылған баптардағы кемшіліктерге Мысалы, 951-баптың 3-тармағындағы «Зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайларда, егер:» деген гипотезаны 1), 2) және 3) тармақшалардағы «келтірілсе» деген шартты сөз арқылы «өтеледі» деп норманы нақылауға болатын еді. Сонда сөйлем қисынды аяқталар еді, бірақ 4) тармақшада «өтеледі»

¹Электрондық нұсқада осылай берілген!? Қараңыз: «Әділет» АҚЖ.

²Тіл мамандары арасында бұл атауға қатысты көзқарас әр түрлі. Атаудың соңғы нұсқасы әкімшілік ресурс негізінде айқындалған сияқты. Оның атауы мен мәтіндегі нұсқалар арасында сәйкессіздік орын алған. Ол «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар», «мемлекеттік қызметті орталықтандырып көрсету», «мемлекеттік қызметтер көрсету» және т.с.с. тіркестерден көрінеді.

Бұйрықтың қазақ тіліндегі «алушы» – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін заңды тұлға» деген нұсқасы заңгерлер мен тіл мамандарында заңды сұрақ туғызады, өйткені орыс тіліндегі нұсқасы – «получатель – физическое или юридическое лицо, которому оказывается электронная государственная услуга». Электрондық қорда «жеке тұлға» қалып кеткен!?!?

деген сөздің алдында гипотезамен үйлеспейтін «заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда» деген тіркес берілген (шындығында жаңа гипотеза). Яғни норма/сөйлем үйлеспейді².

952-баптың 2-тармақшасындағы «жәбірленушінің ... субъективті түрде бағалау да ... ескеріледі» деген тіркестегі «бағалау» сөзін «бағалауы» деген сөзге ауыстырған орынды болар. Сонда ол «субъективная оценка потерпевшим» деген тіркеске сәйкес болар еді.

Заңнаманы жаппай аудару жағдайында қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерді толық теңтүпнұсқалы ету мүмкін емес. Бірақ заңнаманың екі не үш тілдегі мәтіні сай болғаны дұрыс. Әрине оған тырысу қажет. Бірақ тілдік ерекшелік бәрібір де жүз пайыздық сәйкестікке жол бермейді. Сондықтан мұндай жағдайларда теңтүпнұсқалылыққа тілдік те, құқықтық та тетіктер арқылы қол жеткізуге болады. Осындай

тәсілдің оңтайлы мысалын 953-баптан келтіруге болады. Ондағы «Лицо ... обязано возвратить последнему необоснованно приобретенное или сбереженное имущество» деген тіркес «тұлға ... негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті». Яғни тілдік құрылымға байланысты нормада бір-біріне балама болып табылмайтын «последнему / алдыңғысына» деген сөздер қисынды қолданылынған.

Мақаланы қорытындылай келе, қарастырылған баптарда қолданыстағы заңнамада кездесетін тұрпатты кемшіліктер жіберілген және оларды түзетуді тезірек қолға алған жөн деуге болады. Кезінде жіберілген құқықтық және тілдік кемшіліктерді түзетуге қажетті әлеует жеткілікті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлім) // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
3. Кеден одағының Кеден кодексі // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы: Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
5. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы: Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
6. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының міндеттемелерін өтеу ережесін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы №63 қаулысы // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
7. ТМД қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль тасымалдаушыларын қосымша оқытуға және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды үйлестіру туралы келісімді бекіту туралы келісімді бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қарашадағы №1134 қаулысы // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
8. «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша шығыстар нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге үлгілік шарттарды бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі №163 бұйрығы // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).
9. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі көрсететін электрондық мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 8 тамыздағы №242 бұйрығы // «Әділет» АҚЖ. (28.08.2014).

²Мұндай нормалардың басты мәселесі орыс тіліндегі мәтінде. Мысалы «Моральный вред возмещается, независимо от вины причинителя, в случаях, если: ... 4) иных случаях, предусмотренных законодательными актами.» деген сөйлемде үйлесімдік жоқтығы көрініп тұр (мәселенің туындауы осындай кемшілікті біле тұра жіберуде ме әлде өзге елдің нормасын тікелей көшіруде ме?).



Мақалада азаматтық заңнама лексикасы мен өзге салалық заңнама арасындағы терминдік сәйкестік мәселелері қарастырылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі Ерекше бөлімінің нормалары мен кейбір салалық нормалар арасында орын алған көпнұсқалылық аударма мысалдары зерттеліп, оларды түзетуге қатысты ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: азаматтық заңнама, теңтүпнұсқалылық, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, кодекстің жаңа редакциясы.

В статье рассматриваются проблемы соответствия лексики гражданского законодательства и терминов некоторых отраслевых законодательств. Исследованы примеры поливариантности перевода некоторых норм Особенной части Гражданского кодекса Республики Казахстан, даны предложения по их устранению.

Ключевые слова: гражданское законодательство, аутентичность, государственные услуги, новая редакция кодекса.

The article reviewed the problem of compliance (authenticity) the civil legislation vocabulary and the terms of some sectoral legislations. Translation polyvarieties examples of Special part of the Civil code of the Republic of Kazakhstan are studied, and also there are proposals for their elimination.

Keywords: civil legislation, authenticity, public services, new edition of the Code.

Нұрзада Маханбетұлы Примашев,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының бас ғылыми қызметкері, з.ғ.к., доцент

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) мен кейбір салалық заңнамадағы терминдік көпнұсқалылық: құқықтық-лингвистикалық тәсілдеме

Примашев Нурзада Маханбетович,

главный научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства РК, к.ю.н., доцент

Терминологическая поливариантность Особенной части Гражданского кодекса Республики Казахстан и некоторых отраслевых законодательств: правовая лингвистическая методология

Primashev Nurzada Makhanbetovich,

chief research associate of of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, c.j.s., dozent

Terminological multiplicity of the Special Part of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan and some sectoral legislation